

Қазақстан Республикасында заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 31 мамырдағы № 432 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша), сондай-ақ Кешенді жоспардың орындалуына жауапты өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын және көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз етсін;

2) жылына екі рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі 15 қаңтар мен 15 шілдеден кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігіне Кешенді жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі жылына екі рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі 15 ақпан мен 15 тамыздан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 31 мамырдағы
№ 432 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспар

Кіріспе

Заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл туралы

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 26 ойын бизнесі субъектілері, оның ішінде 6 казино, 9 ойын автоматтары залы, 11 букмекерлік кеңсе жұмыс істейді.

2020 жылы букмекерлік кеңселер, тотализаторлар кассалары Алматы облысы Қапшағай су қоймасы жағалауында және Ақмола облысы Бурабай ауданында орналасқан ойын аймақтарына шығарылды.

Мемлекеттік бақылауды күшейту нәтижесінде 2021 жылдан бастап 36 ойын мекемесі, оның ішінде 28 букмекерлік кеңсе, 6 тотализатор және 2 ойын автоматтары залы лицензиядан айырылды.

2024 жылғы наурызда Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі (бұдан әрі – Министрлік, ТСМ) Қонаев қаласында орналасқан 3 букмекерлік кеңсе мен 1 ойын автоматтары залына ойын бизнесі саласындағы заңнаманы сақтау және қылмыстық кірістерді жылыстатуға (заңдастыруға) қарсы іс-қимыл тұрғысынан жоспарлы тексеру жүргізді.

2019 жылдан бастап заңсыз букмекерлік кеңселер мен интернет-казино сайттарын бұғаттау мақсатында Министрлік, Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі, Бас прокуратура, Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Мәдениет және ақпарат министрліктері "Киберқадағалау" ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – "Киберқадағалау" АЖ) пайдалануда.

2024 жылы "Кибер қадағалау" АЖ-ге бұғаттау үшін 5164 интернет-ресурс және интернет-казино мен заңсыз букмекерлік кеңселердің сілтемесі енгізілді.

ТСМ Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен, "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-мен бірлесіп Қазақстан Республикасының азаматтары мен резиденттерін құмар ойындарға және бәс тігуге қатысудан өзін-өзі шектеу жөніндегі қызметті автоматтандыру жұмысын аяқтады.

2024 жылғы наурыздан бастап Қазақстан азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер eGov mobile мобильдік қосымшасы арқылы құмар ойындарға және бәс тігуге қатысудан 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге ерікті түрде шектеу туралы өтініш бере алады. Бүгінгі күні бұл көрсетілетін қызметті 110 мыңнан астам адам пайдаланды.

Қазақстан Республикасында заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспарда мынадай 4 бағыт бойынша 28 іс-шара көзделген:

- 1) лудоманияның алдын алуды ұйымдастыру;
- 2) халықтың әртүрлі топтары арасында құмар ойындарға тәуелділікті анықтау;
- 3) лудомандарды емдеу және медициналық-әлеуметтік оңалту;
- 4) ойын бизнесін мемлекеттік реттеу.

Кешенді жоспар шеңберінде мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарланған:

1.	Оқушылар, студенттер мен жастардың басқару санаттары арасында лудоманияның алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	2024 жылғы тамыз	ТСМ, ДСМ, ОМ, ҒЖБМ, МАМ	-	-	-	-	талап етілмейді
2.	Семинарлар, тренингтер өткізу үшін лудоманияның алдын алу бойынша электрондық буклеттер мен инфографиктер әзірлеу, сондай-ақ оларды интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде орналастыру	электрондық буклеттер мен инфографиктер	2024 жылғы тамыз	ДСМ, ТСМ, МАМ	143,3	143,3	-	-	РБ (қолданыстағы бюджет қаражаты шегінде)
	Оқушылармен, студенттермен және								

3.	азаматтардың басқа да санаттарымен жұмыс істеу үшін лудоманияның алдыналу бойынша коучтерді оқытуды ұйымдастыру	семинарлар	2024 жылғы тамыз	ТСМ, ОМ, ҒЖБМ, МАМ, ДСМ, АШМ, ПМ, ҚМ, ЖАО	-	-	-	-	талап етілмейді
4.	Кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарына арналған ойынға тәуелділіктің теріс салдары туралы ағартушылық шаралар кешенін іске асыру (сабақтар, сынып сағаттары, тәрбиелік іс-шаралар, тренингтер)	тәрбиелік іс-шаралар	жартыжылдықта бір рет қаңтар, шілде	ОМ, ЖАО	-	-	-	-	талап етілмейді
	Ата-аналардың келісін алып, білім алушылардың компьютерлік								

5.	және ойынға тәуелділік белгілерінің бар-жоғын тестілер түрінде анықтау	тестілер өткізу	жыл сайын желтоқсан	ОМ	-	-	-	-	талап етілмейді
6.	Діни қызметшілердің діни бірлестіктерге келушілер арасында құмар ойындардың зиянды әсері, оларды теріс пайдаланудың салдары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуі	түсіндіру жұмысы	тоқсан сайын	МАМ, діни бірлестіктер (келісу бойынша)	-	-	-	-	талап етілмейді
7.	Құмар ойындардың алдын алу және лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың ақпараттық сүйемелдеу және түсіндіру (5 деректі фильм, 50	фильмдер, радиобағдарламалар, бейнероликтер	тоқсан сайын	МАМ	-	-	-	-	РБ (қолданыстағы бюджет

	радиобағдарлама шығарылымы, 20 бейнеролик)							қаражаты шегінде)	
8.	<p>Лудоманияның алдыналу бойынша:</p> <p>1) жоғары және (немесе) жоғары оқу орындарынан кейінгі ұйымдардың студенттері мен жастар;</p> <p>2) әскери қызметшілер мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігіне ведомстволық бағынысты оқу орындарының курсанттары;</p> <p>3) мемлекеттік қызметшілер арасында шаралар ұйымдастыру</p>	семинарлар, роликтер, буклеттер	жартыжылдықта бір рет қаңтар, шілде	ҒЖБМ, МАМ, ДСМ, АШМ, ІІМ, Қорғаныс министрі, МҚІА (келісу бойынша), ЖАО	-	-	-	-	РБ (қолданыстағы бюджет қаражаты шегінде)

9.	<p>Жоғары және (немесе) жоғары оқу орындарынан кейінгі ұйымдардың студенттері мен жастар, әскери қызметшілер мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомостволық бағынысты оқу орындарының курсанттары, мемлекеттік қызметшілер арасында құмар ойындарға қатысушылардың санын қамту және азайту мониторингі</p>	<p>мониторинг қорытындысы</p>	<p>жыл сайын желтоқсанның</p>	<p>ТСМ, ҒЖБМ, МАМ, ДСМ, АШМ, ІІМ, Қорғаныс министрі, МҚІА (келісу бойынша), ЖАО</p>	-	-	-	-	<p>талап етілмейді</p>
10.	<p>Клиникалық психологтарды даярлауға мемлекеттік білім</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары</p>	<p>2025 жылғы наурыз</p>	<p>ДСМ, ҒЖБМ</p>	-	-	-	-	<p>РБ (қолданыстағы бюджет</p>

	беру тапсырысын ұлғайту	білім министрінің бұйрығы							қаражаты шегінде)
11.	Клиникалық психология бакалаврларын даярлау бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу	білім беру бағдарламасы	2025 жылғы шілде	ДСМ	-	-	-	-	РБ (қолданыстағы бюджет қаражаты шегінде)

2. Халықтың әртүрлі топтары арасында құмар ойындарға тәуелділікті анықтау

12.	Орта, кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары және Қазақстан азаматтарының басқа да санаттарының арасында құмар және компьютерлік ойындарға тәуелділік белгілерін анықтау бойынша арнайы тестілер әзірлеу	тестілер	2025 жылғы қыркүйек	ДСМ, ТСМ, ОМ, ҒЖБМ	-	-	-	-	РБ (қолданыстағы бюджет қаражаты шегінде)
	Әртүрлі демограф								

15.	<p>Психикалық денсаулық орталықтарының құмар ойындарға патологиялық елігуден зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді және оңалтуды ұйымдастыруы, оның ішінде оңалту орталықтарын тарта отырып ұйымдастыруы</p>	<p>оңалтуда н өтіп жатқан және өтетін адамдардың саны туралы ақпарат</p>	<p>жыл сайын желтоқсанда</p>	<p>ДСМ, Қорғаныс министрі, ИМ, ЖАО</p>	-	-	-	-	<p>РБ (қолданыстағы бюджет қаражаты шегінде)</p>
16.	<p>Құмар ойындарға патологиялық елігуден зардап шегетін адамдардың динамикалық есепке қоймай, консультациялық бақылауды</p>	<p>пилоттық жоба</p>	<p>2025 жылғы наурыз</p>	<p>ДСМ</p>	-	-	-	-	<p>РБ (қолданыстағы бюджет)</p>

	пилоттық режимде енгізу								қаражаты шегінде)
17.	Лудомандар мен олардың жақындарына психологиялық көмек көрсету үшін " Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы " ШЖҚ РМК-ның 111 байланыс орталығы базасында қоңыраулар қабылдауды ұйымдастыру	жедел желі	2024 жылғы қазан	ДСМ, ТСМ	-	-	-	-	талап етілмейді
18.	Лудомандарға консультациялық көмек көрсету жөніндегі интерактивті сайтты (онлайн-чат, сенім телефоны) іске қосу	веб-сайт	2025 жылғы қараша	ТСМ	3000	3000			бюджеттен тыс қаражат
4. Ойын бизнесін									

мемлекеттік реттеу

19.	Спортшылардың керек-жарағын, жарыс кезіндегі спорттық құрылыс жай орындарын және аккредиттелген спорттық бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-ресурстарды қоспағанда, көшелерде, бұқаралық ақпарат құралдары мен Интернетте құмар ойындарды жарнамалауға және бәс тігуге тыйым салу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2024 жылғы тамыз	TCM	-	-	-	-	талап етілмейді
20.	Құмар ойындарға және бәс тігуге қатысудан өзін-өзі шектеудің ең ұзақ мерзімін 10 жылға дейін ұлғайту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2024 жылғы тамыз	TCM	-	-	-	-	талап етілмейді

21.	Интернет-казино мен заңсыз букмекерлік кеңселердің пайдасын а төленетін төлемдерге тыйым салуды енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2024 жылғы тамыз	ТСМ	-	-	-	-	талап етілмейді
22.	SMS байланыс операторлары арқылы букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасын таратуға заңнамалық тыйым салуды енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2024 жылғы тамыз	ТСМ, ЦДИАӨМ, ҰЭМ, МАМ	-	-	-	-	талап етілмейді
23.	Ойын бизнесі саласындағы заңнамамен бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылықты күшейту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2024 жылғы тамыз	ТСМ, ЦДИАӨМ, МАМ	-	-	-	-	талап етілмейді
	Ойын бизнесі субъектілеріне жоспарл								

24.	ы және жоспарда н тыс тексерулер жүргізу	тексерулер актілері	жыл сайын желтоқсан	ТСМ, Қаржы міні	-	-	-	-	талап етілмейді
25.	Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрігі жанынан ойын және лотерея бизнесі субъектілерінің, дәрігерлердің, психологтардың, бағдарламашылардың қатысуымен жауапты ойын қағидаттары н ілгерілету жөніндегі кеңесті құру	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің бұйрығы	2025 жылғы тамыз	ТСМ, ЦДИАӨМ, Алматы, Ақмола облыстарының әкімдіктері, ойын бизнесі субъектілері (келісу бойынша)	-	-	-	-	талап етілмейді
	Интернет-казино жарнамасын таратуға және құмар ойындардың насихаттауға жол бермеу үшін онлайн-п								

<p>26.</p> <p>латформа лардың автоматт андырыл ған модераци ялау жүйелері нің жарнамал ық контентті модераци ялауыны ң сапасын арттыру мәселесін е бастама жасай отырып, онлайн-п латформа лардың әкімшіле рімен (" YouTube" , " Facebook ", " Instagram ", " TikTok") келіссөзд е р жүргізу</p>	<p>меморанд у м жасасу</p>	<p>2025 жылғы желтоқса н</p>	<p>МAM, ЦДИАӨ М, ТСМ</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>-</p>	<p>талап етілмейді</p>
<p>Пилотты қ іске асыру мен техникал ық пысықтау нәтижеле рін ескере отырып, букмекер лік кеңселер мен тотализат орлардың аппаратт</p>	<p>Қаржы министрі нің 2024</p>							

27.	ық-бағдарламалық кешендерін (бар болса) мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелері мен интеграциялау процестерін оңтайландыру жолымен салықтық әкімшілендіруді жетілдіру	жылғы 19 наурыздағы № 160 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2024 жылғы желтоқсан	Қаржы министрі, ЦДИАӨМ	-	-	-	-	талап етілмейді
28.	Қазақстан Республикасының аумағына, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен ойын автоматтарын, лотерея терминалдарын, сондай-ақ өзге де ойын және лотерея жабдыктарын әкелудің рұқсат беру	реттеушілік әсерді талдау	2026 жылғы ақпан	ТСМ, СИМ, ҰЭМ, Қаржы министрі, ЦДИАӨМ					

тәртібін енгізу мақсатын д а реттеуші лік әсерге талдау жүргізу								талап етілмейді
--	--	--	--	--	--	--	--	--------------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚ – акционерлік қоғам;

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

Қорғанысмині – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

ҚР ДСМ "Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы"
ШЖҚ РМК – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;

МҚІА – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі;

ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

РБ – республикалық бюджет;

СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;

ТСМ – Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі;

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі.